

ҚАРАГАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ОСАКАРОВ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ОСАКАРОВСКОГО РАЙОНА»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

02.09.2022 ж.

ПРИКАЗ

№ 164

Осакаров ауданының
жалпы орта білім беру үйымдарының
оқушыларын ыстық тамақпен
қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 «Орта білім беру үйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 24.05.2021 жылғы № 231 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып) **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осакаров ауданының жалпы орта білім беру үйымдарына:

1) 2022 жылдын 2 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1 – 4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қантардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11-сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс үйымдастырылсын.

2) Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзір бекітілсін.

000184

3) Білім беру үйымдары тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды үйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4) Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің менгерушісі М. Турабековаға жүктелсін.

Басшысы



А.Акмаганбетова